Азаматтық бюджет
Қарғалы ауданы (2026 жылғы 29 шілдедегі №481 нақтылаумен)

Аудан әкімі – Унербаев Нұрлыбек Амандоллаұлы, осы лауазымды 2024 жылдың тамыз айынан бастап атқарады. Қарғалы ауданы (Ленин) 1966 жылдың 1 қаңтарында құрылды және 1997 жылдың 17 маусымында атауы өзгертілді. Аудан аумағы – 4 999 ш.шақырымды құрайды. 2026 жылдың 1 тамыздағы қарағанда аудан тұрғындарының саны – 14 846 адам, бұл облыс тұрғындарының 2,2 пайызын құрайды.

Қысқаша мазмұны

1-2 бет. Аудан туралы қысқаша мағлұмат. Негізгі міндеттердің жетістігі туралы есеп: әкімшілікпен аудандық бюджетті орындау кезінде қол жеткізілген негізгі міндеттері шолынған.

3-4 бет. Аудан қаржысы – кіріс және шығыс бөліктері. Бюджеттің кіріс және шығыс бөліктері туралы ақпарат көрсетілген.

5 бет. Аудан дамуының келешектері. Алдағы кезеңге аудан дамуының келешектері және негізгі жоспарлары.

Әлеуметтік-экономикалық саясаттың мақсаты–аудан дамуының жаңа бағытын іске асыруды бастау, пайда алу және тиімділік, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру қағидаттарына негізделген өнімді, бәсекеге қабілетті экономика үшін негіз құру (Қарғалы ауданының 2018-2023 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму Болжамынан).

Аудан 8 селолық округке бөлінген және 1 ауылдық әкімдігі:

***Бадамша** – 1 селолық елді-мекен;*

***Әлімбет** – 1 селолық елді-мекен;*

***Ащылысай** – 4 селолық елді-мекен;*

***Велихов** – 2 селолық елді-мекен;*

***Желтау** – 1 селолық елді-мекен;*

***Кемпірсай** – 2 селолық елді-мекен;*

***Қос-Естек** – 1 селолық елді-мекен;*
***Степное** – 2 селолық елді-мекен;*
***Ш.Қалдаяқов ауылы** - 1 ауылдық елді мекен.*

Жалпы ұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақытылы орындалуын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауының ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етсін; Өзекті әлеуметтік-экономикалық даму және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелерін қарастыра отырып, Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің жұмысын жандандыру. Кірістерді неғұрлым әділ бөлуге назар аудара отырып, салық жүйесін жаңғырту; Индустриялық-инновациялық дамудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде: Еңбек өнімділігінің нақты өсуін кемінде 1,7 есе ұлғайту; қазақстандық өңделген өнімді экспорттаушылардың мүдделерін қолдау мен қорғаудың тиімді құралдарын енгізу; салықтық, қаржылық, әкімшілік ынталандыруды қоса алғанда, жоғары өнімді орта бизнесті қолдау бойынша шараларды айқындау.

Негізгі экономикалық көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2025	2026
Айлық есептік көрсеткіш, теңге	3932	4325
Ең төменгі еңбек ақы, теңге	85000	85000
Ең төменгі күнкөріс деңгейі, теңге	46228	50851
Ең төменгі зейнетақы мөлшері, теңге	62771	69049
Орташа еңбек ақы, теңге	279211	285738
Ерлердің орташа еңбек ақысы, теңге		
Әйелдердің орташа еңбек ақысы, теңге		
Тұрғындар саны, мың адам	14935	14846
Жұмыссыздық деңгейі, %	4,1	4,2
1000 адамға туу деңгейі	8,1	8,2

АЕК – бұл Қазақстан Республикасында зейнетақы, жәрдемақы және басқа төлемдерді есептеу үшін, сонымен қатар айыппұл санкциясын қолдану үшін, салық және басқа төлемдерді есептеуде қолданылатын көрсеткіш (Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңымен жыл сайын белгіленеді).

Ең төменгі күнкөріс – құн шамасы бойынша ең төменгі тұтыну себетіне тең, бір адамға қажетті ең төменгі ақшалай табыс.

Ең төменгі еңбек ақы – жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығында және қалыпты жағдайда еңбек нормаларын (еңбек міндеттемелері) орындаған жағдайда қарапайым білікті емес (күрделі емес) еңбек жұмысшысына берілетін ең төменгі кепілдікті ақшалай төлем.

Сканировано с CamScanner

Негізгі міндеттемелерге қол жеткізу туралы есеп

Көрсеткіш	2025ж.		2026ж.
	жоспар	нақты	жоспар
Орта білім			
ҰБТ орташа балы	77,0	77,0	77,0
Мектептердің жалпы саны (күндізгі жалпы білім беретін мектептердің саны), бірлік	12	12	12
Жалпы мектептердің санынан, апатты жағдайдағы мектептердің үлесі, %	1,0	1,0	0,0
Спорт залы бар мектептердің үлесі, %	100	100	100
Жалпы мектептердің санынан, ақпаратты жолдаудың кепілді жылдамдығы бар қажетті желілік ресурстарымен қамтылған мектептер санының үлесі, %	-	-	-
Теңгерімді және ыстық тамақпен қамтылған мектеп оқушыларының үлесі, %	-	-	-
Білім беру ұйымдарында балалардың мектепке дейінгі оқытумен және тәрбиелеумен қамтылуы,%	92	92	92
Білім беру ұйымдарында 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепалды даярлықпен қамту, %	100	100	100
Жалпы балабақша санынан, жеке мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарының үлесі, %	-	-	1
Балабақша саны, бірлік	11	11	11

Бүгінгі күні, балалардың мектепке дейінгі оқытумен және тәрбиемен қамтылуы 92 пайызды құрайды.

Денсаулық сақтау

Көрсеткіш	2025ж.	2026ж.
Ана өлімінің деңгейі (100,0 мың тірі туылғандарға шаққанда)	0,0	0,0
Бала өлімінің деңгейі (1 000 тірі туылғандарға шаққанда)	10,7	7,8
1 000 адамға шаққанда өлім деңгейі	186/8,1	6,5/101

Аудан бойынша 2026 жылы бойынша ана өлімі болған жоқ.

Әлеуметтік сала

2026 жылы 1 303 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда, жастар практикасына 6 адам жіберілді

Көрсеткіш	2025ж.		2026ж.	
	жоспар	нақты	жоспар	нақты
Жаңа ашылған жұмыс орындарының саны, адам	1 693	836	1 303	213
Жастар практикасына жолданды, адам	85	67	45	6

Сканировано с CamScanner

Қарғалы ауданының қаржысы

Аудандық бюджет Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексіне, «2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, облыстық мәслихаттың 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №298 шешімі «2026–2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы». 2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет аудандық мәслихаттың 2025 жылғы 19 желтоқсандағы №403 «2026-2028 жылдарға арналған Қарғалы аудандық бюджетін бекіту туралы» шешімімен бекітілді.


2026-2028 жылдарға аудандық бюджеттің негізгі параметрлері

мың теңге

Атауы	2026 жылға бекітілген бюджет	2026 жылғы 29 шілдедегі арналған нақтыланған бюджет	2027 жылға болжам	2028 жылға болжам
Кірістер, оның ішінде:	**4 182 707**	**4 707 056**	**3 698 045**	**2 847 117**
Салықтық түсімдер	882 272	1 126 272	930 850	969 020
Салықтық емес түсімдер	489 615	246 065	678 603	945 480
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсідер	2 192	2 192	2 192	2 192
Трансферттердің түсімдері, оның ішінде:	2 808 628	3 332 527	2 086 400	930 425
Шығындар	**3 724 930**	**4 415 944,6**	**3 698 045**	**2 847 117**
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	441 342	562 241,5	522 964	493 945
Қорғаныс	44 595	43 413	75 508	49 775
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	0	0	0	0
Білім беру	0	0	0	0
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	513 861	401 049	527 760	590 142
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	446 216	577 718,4	346 752	458 641
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	543 732	696 588	529 573	537 790
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	43 077	69 084	46 120	48 483
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	27 404	33 257	28 243	28 758
Көлік және коммуникация	1 186 859	1 550 136	1 197 200	197 632
Басқалар	37 000	8 905,5	45 200	51 549
Қарыздарды өтеу	108 571	109 021	26 286	26 230
Трансферттер	332 273	364 531,2	352 439	364 172


Сканировано с CamScanner

Қарғалы ауданының жергілікті бюджетінің жеке меншікті кірісі - мемлекеттік бюджет түсімдерінің жалпы көлемінің 30%, облыстық бюджеттен субвенция есебінен 30%, трансферттер түсуі есебінен сәйкесінше 40% құрайды.
Жергілікті бюджеттің негізгі табыс көздері: жеке табыс салығы (51%), әлеуметтік салық (29%) және мүлік салығы (17%).



2026 жылға жалпы шығын көлемінің ең көп үлесі - тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығына шығындар - 11%, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер - 17%, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру – 6%, мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік – 12% құрайды және т.б.

2026 жылға арналған аудандық бюджет шығыстарының структурасы



Сканировано с CamScanner

Қарғалы ауданының даму келешегі

Қарғалы ауданының даму бағдарламасының мақсатты индикаторлары

*2026 жылға ауданның дамуына нақтыланған бюджет – **1 338 832,9 млн.теңгені** құрайды, оның ішінде: облыстық бюджеттен берілетін трансферттер – 1 104 303,0 млн.теңге, жергілікті бюджеттен берілетін қаражат – 234 529,9 млн. теңге,*

млн. теңге

Атауы	2026 жылға жоспар
Барлығы, оның ішінде:	***1 338 832,9***
Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Ш.Қалдаяқов ауылындағы көшелерді жарықтандыру	129 531,9
«Қарғалы ауданы Әлімбет ауылындағы өткізу пунктіне су құбырын салу» ЖСҚ әзірлеу	20 421,0
«Қарғалы ауданы Әлімбет ауылындағы өткізу пунктіне ӘЖ-10 кВ электр желісін реконструкциялау» ЖСҚ әзірлеу	6 272,0
«Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Петропавл ауылындағы Қарғалы өзенінің маңында бөгет салу» объектісі бойынша ЖСҚ әзірлеу	5 796,0
«Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Петропавл ауылындағы Құндызды өзенінің арнасын өзгерту үшін канал салу» объектісі бойынша ЖСҚ әзірлеу	4 189,0
" Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Петропавл ауылындағы Қарғалы өзенінің маңында бөгет салу" объектісі бойынша ЖСҚ мемлекеттік сараптамадан өткізуге	915,0
"Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Құндызды өзенінің арнасын өзгерту үшін канал салу" объектісі бойынша ЖСҚ мемлекеттік сараптамадан өткізуге	1 198,0
Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Бадамша ауылында сыртқы инженерлік желілері бар дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне блокты модульдік қазандықтың құрылысы	24 851,0
Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы, Ш.Қалдаяқов ауылында Әбілқайыр хан көшесінің автомобиль жолының құрылысы	89 100,0
«Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Қос-Естек ауылындағы Абай көшесінің бойындағы көпірді қайта жаңғырту» ЖСҚ мемлекеттік сараптамадан өткізу	1 900,0
«Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Қос-Естек ауылындағы Қонаев көшесінің бойындағы көпірді қайта жаңғырту» ЖСҚ мемлекеттік сараптамадан өткізуге	1 900,0
Ақтөбе облысы Қарғалы ауданындағы «Қасқыр сарқырамасы» туристік орнына дейін автомобиль жолының құрылысы	803 527,0
Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы мекенжайы бойынша Бадамша ауылында ҮАМ-ға жол салу	249 232,0

- 2026 жылы балалар өлім деңгейінің төмендеуі – 1 000 тірі туылғанға 16,0 бала.
- 2026 жылда білім ұйымдарындағы мектепке дейін тәлім - тәрбиемен балаларды қамту - 100% болады.
- Тұрақты жұмыс орындарын құру – 1 303.

Сканировано с CamScanner